

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тұрғылықты жеріне келіп жетуін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының өзара іс-қимылы туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 31 наурыздағы N 164. Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2003 жылғы 15 сәуірдегі N 66 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 20 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2287. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 19 мамырдағы N 191 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 18 наурыздағы N 118 Бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2011.05.19 N 191 және ҚР Ішкі істер министрінің 2011.03.18 N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бірлескен бұйрығымен.**

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тұрғылықты жеріне келіп жетуін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру және рецидивті қылмыстардың алдын алу жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тұрғылықты жеріне келіп жетуін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының өзара іс-қимылы туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін.

2. Ішкі істер министрлігінің қоғамдық қауіпсіздік, криминалдық полиция, көші-қон полициясы, арнайы полиция, тергеу департаментінің, криминалдық ақпараттар орталығы-департаментінің, Астана және Алматы қалалары Ішкі істер бас басқармаларының, облыстардағы және көліктегі Ішкі істер басқармаларының - ішкі істер басқармаларының бастықтары:

1) мүдделі қызметтер жеке құрамының осы Нұсқаулықты оқып-үйренуін және оны орындауын;

2) түзеу мекемелерінің сұрау салулары бойынша қалалық, аудандық ішкі

істер органдарының бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды тұрмыстық және еңбекпен қамту мүмкіндігі және олардың таңдаған тұрғылықты жерлеріне қайта жетуі туралы ақпараттарды уақытында және толық беріп отыруын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі - ҚАЖ) комитеті, ҚАЖ-дың органдары мен мекемелері:

1) мүдделі қызметтер жеке құрамның осы Нұсқаулықты оқып-үйренуін және оны орындауын;

2) түзеу мекемелерінің қалалық, аудандық ішкі істер органдарына бас бостандығынан айыру органдарынан босатылған адамдар және олардың таңдаған тұрғылықты жерлеріне кетуі туралы ақпараттарды уақытында және толық беріп отыруын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-Министрі полиция генерал-майоры И.И.Оттоға және Қазақстан Республикасының Әділет бірінші вице-министрі И.Д.Меркельге жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі*

*генерал-полковник*

*Қазақстан Республикасының*

*Әділет министрі*

Ішкі істер министрінің					
2003 жылғы	31	наурыздағы	N	164	
Әділет министрінің					
2003 жылғы	15	сәуірдегі	N	66	
бірлескен бұйрығымен					
бекітілген					

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тұрғылықты жеріне келіп жетуін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының өзара іс-қимыл жасасу тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тұрғылықты жеріне дер кезінде келіп жетуін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен Қазақстан Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, оларды дер кезінде тіркеу және есепке алу, құқық бұзушылықтар мен қайта қылмыс жасауының алдын алу жөніндегі профилактикалық жұмыс жүргізу мақсатында өзара іс-қимылының тәртібін реттейді.

2. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен қылмыстық-атқару жүйесі органдарының бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тұрғылықты жеріне келіп жетуін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-қимылы олардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қатаң сақтауға негізделеді.

3. Қазақстан Республикасының ішкі істер және қылмыстық-атқару жүйесі органдарының өзара іс-қимылына:

1) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тұрғылықты жеріне келіп жетуін бақылауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша дер кезінде және толық ақпарат алмасу;

2) осы адамдарға қатысты алдын алу шараларын бірлесіп жоспарлау және өткізу;

3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тұрғылықты жеріне келіп жетуін бақылауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша бірлескен кеңес өткізу, таңдаған тұрғылықты жеріне келіп жетпеген адамдардың орналасқан жерін анықтау жөніндегі бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру арқылы қол жеткізіледі.

4. Өзара іс-қимыл жасасу кезінде туындайтын өзге де мәселелер бірлескен кеңестерде шешімдер қабылдау немесе жоғары инстанцияларға ұсыныстар енгізу жолымен шешіледі.

5. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау орнату мен оны жүзеге асыру жөніндегі өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 4 тамыздағы N 436 бұйрығымен бекітілген, 2000 жылғы 23 қазанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1270 болып тіркелген Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау мен оны жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқаулықпен белгіленеді. Қараныз V050003505

**2. Түзеу мекемелерінің бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар туралы ақпараттар әзірлеуі және осы адамдарды ішкі**

## **істер органдарына жіберуі және олардың таңдаған тұрғылықты жеріне жетуін бақылауы**

6. Сотталғанды босатуға дайындау және ішкі істер органдарына босатылған адамның таңдаған тұрғылықты жеріне кететіні туралы хабарлау мақсатында түзеу мекемелерінің қызметкерлері мынадай іс-шараларды орындайды:

1) сотталғандарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру жөніндегі аға инспекторлар түзеу және тәрбие колонияларынан босатуға дейін алты ай қалған уақыттан кешіктірмей, бас бостандығынан айыру мерзімі біткенше:

босатылушы адамның таңдап алған тұрғылықты жеріндегі жергілікті атқарушы органдарға және мемлекеттік еңбекпен қамту қызметіне оның жақында босатылатыны, тұрғылықты үйінің бар-жоғы, еңбекке жарамдылығы мен мамандығы туралы хабарлайды;

босатылушы адамның таңдап алған тұрғылықты жеріндегі қалалық, аудандық ішкі істер органдарына (бұдан әрі - ҚАПО) босатылушы адамды тұрмыстық орналастыру мүмкіндігі туралы сұрау салу жібереді (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 147 бұйрығымен бекітілген, 2001 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1714 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелерінде жазаларын өтеп жатқан сотталғандармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа 8-қосымша); Қараныз V040003228

2) жедел бөлімдер - түзеу мекемесінің басқа да қызметтерімен бірге босатылатын адамдар туралы ақпарат жинау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді, олар туралы қажетті мәліметтерді өзі таңдаған тұрғылықты жеріндегі КАПО-ға жолдайды;

3) режимдік бөлімдер - сотталғанның босатылуынан бір ай бұрын оған ақпараттық-іздеу карточкасын (бұдан әрі - АІК) толтырады, содан соң суретімен қоса таңдаған тұрғылықты жері бойынша Астана және Алматы қалаларының ішкі істер бас басқармаларының (бұдан әрі - ПББ), облыстардағы ішкі істер бас басқармаларының, ішкі істер басқармаларының (бұдан әрі - ПББ-ІББ) қоғамдық қауіпсіздік басқармаларына (бұдан әрі - ҚҚБ) жібереді.

7. ҚАПО-нан босатылатынның бұрынғы тұрған жеріне немесе таңдаған мекен-жайында тұратын жері жоқ және туыстық байланыстары үзілген себепті оны еңбекпен және тұрмыстық орналастыру мүмкіндігі жоқ деген жауап келсе ( жақын туыстарының қайтыс болуына; жақын туыстарына, отбасы мүшелеріне қатысты қылмыстық әрекет жасауына; некеден заңды түрде әйелімен (күйеуімен) ажырасуына; туыстары мен жақындарының тұрғын үй алаңын бергісі келмеуіне ; туыстарының Қазақстанның басқа аймақтарына, Қазақстаннан тыс жерлерге, ТМД елдеріне қоныс аударуына; немесе өзге дәлелді себептерге байланысты);

белгілі мекен-жайы жоқ адамдарды өз қалауы бойынша түзеу мекемесінің ауданындағы әлеуметтік бейімдеу орталығына (бұдан әрі - Орталық) немесе басқа Орталыққа орналастырады.

Туыстық және әлеуметтік байланыстарын жоғалтқан кәмелетке толмағандар өз келісімдері бойынша тәрбие колониясының орналасқан ауданындағы немесе бұрынғы тұрған жеріндегі Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшалау, бейімдеу және оңалту орталығына (одан әрі - КТУОБЖА) жіберіледі.

Таңдаудың мақсатқа лайықтылығы және оны орналастыру мүмкіндігінің бар-жоғы туралы тәрбие колониясының әкімшілігі мен ҚАПО-ның хат алмасумен анықталады.

8. Сотталған адамды босатуға кемінде жиырма күн қалғанда түзеу мекемелері олардың таңдаған тұрғылықты жеріндегі ҚАПО-на хабарлама (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 147 бұйрығымен бекітілген, 2001 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1714 тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелерінде жазаларын өтеп жатқан сотталғандармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа 9-қосымша) жібереді. Қараныз V040003228

Адам босатылған сәттен бастап бір ай мерзімде оны тіркеу және профилактикалық есепке алу туралы ҚАПО-дан жауап келмесе, түзеу мекемелері мұндай адамдар туралы ақпарат жинақтап, облыстық қылмыстық-атқару жүйесіне есеп беру айынан кейінгі келесі айдың 3-не дейін хабарлайды.

9. Денсаулығына байланысты үнемі күтім қажет ететін босатылатын адамдар, сондай-ақ он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар тұрғылықты жеріне туыстарымен немесе оларды алып кетуге келген өзге адамдармен бірге немесе түзеу мекемесінің қызметкерлерімен бірге жіберіледі.

10. Түзеу мекемесінің комиссиясы шешімімен мерзім мен бұрын шартты түрде босатылуға ұсынылған сотталғанға қатысты хабарлама оның мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы шешім шығарған соттың мәжілісінен кейін бір тәулік мерзім ішінде тұрғылықты жеріндегі ҚАПО-на жіберіледі.

11. Мекеме бастығы түзеу мекемесінен тыс жерлерге шығуға (қысқа немесе ұзақ мерзімді) рұқсат берген сотталғанға қатысты хабарлама (жеделхат немесе телетайпограмма) кететін жерлеріндегі ҚАПО-да жіберіледі.

Сотталғанға суреті бар белгіленген үлгідегі куәлік (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 148 бұйрығымен бекітілген, 2001 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1720 тіркелген Түзеу мекемелерінің ішкі тәртібі ережесіне 7-қосымша) беріледі, онда демалыстың ұзақтығы және бару мен кері қайту бағыты көрсетіледі. Куәлік демалыс кезінде сотталғанның жеке басын куәландыратын

құжаты болып табылады. Демалысын өткізу орнына келіп жеткен сотталған бір тәулік мерзім ішінде ҚАПО-ның кезекші бөліміне немесе учаскелік полиция бөлімшесіне келіп жеткені туралы, ал жазасын өтеу орнына қайтар кезде кеткені туралы белгі қойғызуы тиіс.

Сотталғандардың түзеу мекемелерінен тыс жерлерге шығу негіздері мен тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес анықталады.

12. Түзеу мекемелерінен босатылған сотталғандарға арнайы есепке алу бөлімдері (бөлімшелері) бекітілген нысандағы босатылғандығы туралы суреті бар анықтама береді; және тұрғылықты жеріне келіп жеткен соң он күн мерзімде ҚАПО-ның көші-қон полициясы бөлімшелерінде тіркелу қажеттігін түсіндіреді.

Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген және қандай да бір себептермен жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды көші-қон полициясы бөлімшесіне хабарлама жіберу арқылы бұрынғы тұрғылықты жері бойынша тіркеуден міндетті түрде шығара отырып, түзеу мекемелерінің орналасқан жеріндегі ішкі істер органдарының көші-қон полициясының бөлімшелері құжаттандырады.

Босату кезінде паспорттар және жеке куәліктер иелеріне жеке іс мұқабаларының ішкі жағына қолхат жазғызып, қайтарылады. Босату туралы анықтамалардың сыртқы жағында иесіне жеке басын куәландыратын құжаттардың қайтарылғаны туралы олардың нөмірі мен дайындалған даталары көрсетіле отырып, жазба жасалады.

**Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 306, ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 қарашадағы N 604 бірлескен бұйрығымен.**

13. Арнайы есепке алу бөлімдері (бөлімшелері) қадағалаудағылардың босатылғаны туралы анықтамаларына "қадағалау бекітілді" деген мөртабан қояды, ал сотты болудың формальды белгілері бойынша "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау орнату туралы" Заңның әсеріне түсетін, бірақ әкімшілік қадағалауға алынбаған адамдардың анықтамаларына "Қадағалауға жатады" деген мөртабан басылады.

14. Қылмыстық-атқару жүйесінің жүйке ауруларын емдейтін ауруханасында емделу курсы аяқтамаған және босатылғаннан кейін денсаулық сақтау органдарының жүйке ауруларын емдейтін ауруханасына немесе туысқандарының немесе басқа заңды өкілдердің қамқорлығына берілетін жүйке ауруымен ауыратын адамды босату туралы анықтама аурумен және оның жеке құжаттарымен бірге аурухана әкімшілігіне немесе қамқоршысына қолхат арқылы беріледі.

15. Диспансерлік есептегі бірінші топтағы туберкулезбен ауыратын адамды босату туралы анықтамаға "Туберкулез" деген мөртабан қойылады, ал таңдаған тұрғылықты жеріндегі денсаулық сақтау органына хабарлама жіберіледі.

16. Босатылған тұрғылықты жеріне қалааралық темір жолмен немесе автобуспен барған жағдайда түзеу мекемесі оны кету станциясына жеткізуді қамтамасыз етеді.

17. Егер босатылған адамның жазасын өтеу кезеңіндегі мінез-құлқы оның түзелу жолына түскісі келмейтінін дәлелдесе және қоғамға қауіпті болып қала берсе, онда түзеу мекемесі дер кезінде кету станциясынан келу станциясына дейінгі жолда көрсетілген адамның мінез-құлқын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында тиісті көліктегі ішкі істер басқармасына (бөліміне) осындай адамның көлікпен кету күні мен уақыты туралы хабарлама (қажет болған жағдайда жеделхат) жолдайды.

18. Облыстар және Астана қаласы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің басқармалары ҚАПО-ның тиісті есебіне алынбаған босатылған адамдар туралы түзеу мекемелерінен түскен ақпаратты жинақтайды және ай сайын есеп беру айынан кейінгі келесі айдың 5-не дейін қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне жібереді.

19. Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті ай сайын Ішкіісминінің Қоғамдық қауіпсіздік департаментімен бірге бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және тұрғылықты жеріне келіп жеткен адамдардың санын тексереді; оларды профилактикалық есепке қою туралы хабарлама жібермеген ҚАПО туралы мәлімет ұсынады; осындай адамдардың келіп жетуіне бақылау жасауды қамтамасыз етудегі өзара іс-қимылдың тиімсіздігінің себептерін анықтайды және оларды жою жөнінде іс-шаралар қабылдайды.

### **3. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұрғылықты жеріне келіп жеткен адамдарды есепке алу, тіркеу және профилактикалық бақылау**

20. Астана және Алматы қалаларының ПББ, облыстардағы ПББ-ПБ қоғамдық қауіпсіздік басқармалары (бұдан әрі - ҚҚБ):

1) түзеу мекемелерінен бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамға ЖАА-АІК карточкасын алған соң "таңдаған тұрғылықты жеріне баратын адам" ретінде келіп түскен ақпаратты деректер банкіне енгізеді;

2) ҚАПО-дан адамның бас бостандығынан айыру орындарынан таңдаған тұрғылықты жеріне келіп жеткені туралы хабарлама алған соң "таңдап алған тұрғылықты жеріне баратын адамға" бұрын түскен ақпаратты деректер банкінен

ж о я д ы ;

3) адамның ҚАПО-дан бас бостандығынан айыру орындарынан таңдап алған тұрғылықты жеріне келіп жетпегені туралы хабарлама алған соң бұл адам туралы деректер банкісіндегі ақпаратты "таңдап алған тұрғылықты жеріне баратын адам" санатынан "таңдап алған тұрғылықты жеріне келіп жетпеген адам" санатына а у ы с т ы р а д ы ;

4) адамның бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы анықтамада көрсетілгеннен басқа жерге тұрақты тұруға келгені туралы ҚАПО-дан хабарлама алған соң, "ол туралы ақпаратты" таңдап алған тұрғылықты жерінен басқа жерге келген адам ретінде деректер банкіне енгізеді, егер бұл адам туралы ақпарат деректер банкіне "таңдаған тұрғылықты жеріне баратын адам" немесе "таңдаған тұрғылықты жеріне келіп жетпеген адам" ретінде енгізілсе, онда ол алынып тасталады;

5) таңдаған тұрғылықты жеріне келіп жетпеген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамның жүрген жері анықталған жағдайда учаскелік инспекторда болатын оның жүрген жеріндегі ҚАПО-ға ЖАА-АІК карточкасын жіберуді ұйымдастырады, сонымен қатар "таңдап алған тұрғылықты жеріне келіп жетпеген адам" ретіндегі бұл адам туралы ақпарат деректер банкінен алынып т а с т а л а д ы ;

6) таңдаған тұрғылықты жеріне келіп жетпеген және таңдаған тұрғылықты жерінен басқа жерге келген адамдар туралы деректер банкінде құрылған ақпаратты ай сайын жинақтайды және олар туралы мәліметтерді есеп беру айынан кейінгі келесі айдың 5-іне дейін Ішкіісминінің Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне жібереді.

21. ҚАПО-ға келіп түскен түзеу мекемесінің босатылған адамды тұрмыстық және еңбекке орналастыру мүмкіндігі туралы сұрау салуын (1-қосымша) ҚАПО бастығы сұрау салуда көрсетілген мекен-жай бойынша әкімшілік учаскеге қызмет көрсететін полицияның учаскелік инспекторына (бұдан әрі - учаскелік инспектор) береді.

22. Учаскелік инспектор сұрау салуда көрсетілген мекен-жайға өзі барады және тұрғын үй алаңының бар-жоғын, көрсетілген мекен-жай бойынша тұратын адамдардың босатылғанмен туыстық қатынасы мен қарым-қатынас сипатын а н ы қ т а й д ы .

Сұрау салу түскен сәттен бастап он күн мерзімде қалалық, аудандық ішкі істер органдарының бастығы немесе оның орынбасары қол қойған босатылғанды тұрмыстық және еңбекке орналастыру мүмкіндігі туралы жауапты түзеу мекемесіне жібереді.

23. Босатылғанды бұрынғы тұрған жері немесе таңдаған мекен-жайында тұратын жері жоқ және туыстық байланыстары үзілген себепті тұрмыстық



орналастыру мүмкіндігін болмаған жағдайда (жақын туыстарының қайтыс болуына; жақын туыстарына, отбасы мүшелеріне қатысты қылмыстық әрекет жасауына; некеден заңды түрде әйелімен (күйеуімен), ажырасуына; туыстары мен жақындарының тұрғын үй алаңын бергісі келмеуіне; туыстарының Қазақстанның басқа аймақтарына, Қазақстаннан тыс жерлерге, ТМД елдеріне қоныс аударуына; немесе өзге дәлелді себептерге байланысты) бұл туралы учаскелік инспектор ақпарат әзірлеп, оған ҚАПО бастығы қол қойғаннан кейін түзеу мекемесіне жібереді.

24. ҚАПО түзеу мекемесінен келіп түскен сотталғанның өзі таңдаған тұрғылықты жеріне кеткені туралы хабарлама (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 147 бұйрығымен бекітілген, 2001 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1714 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелерінде жазаларын өтеп жатқан сотталғандармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа 9-қосымша) көрсетілген мекен-жай бойынша әкімшілік учаскеге қызмет көрсететін учаскелік инспекторға беріледі. Қараныз V040003228

25. Түзеу мекемесінің хабарламасын (2-қосымша) және облыстық (қалалық) ПББ-ПБ ҚҚБ-нан келіп түскен бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамның (бұдан әрі - босатылған адам) ЖАА-АІК карточкасын алған соң учаскелік инспекторларға оның келіп жетуін және тұрғылықты жеріне тіркелуін бақылауды жүзеге асырады.

1) Босатылған адам таңдаған тұрғылықты жеріне келіп жеткен жағдайда учаскелік инспектор сауалнамалық және өзге де деректерді нақтылайды, қажет болған жағдайда осы адамға келіп түскен ЖАА-АІК карточкасына түзетулер енгізеді, сонан соң оны облыстық (қалалық) ПББ-ПБ-нің криминалдық ақпараттар орталығына (бұдан әрі - КАО) жібереді, ол туралы деректер банкіндегі "таңдаған тұрғылықты жеріне баратын адамның" ақпаратын жою үшін ПББ - ПБ ҚҚБ - ға х а б а р л а й д ы .

Сондай-ақ учаскелік инспектор босатылған адамның тұрғылықты жеріне келгені және тіркелгені туралы хат әзірлейді, ҚАПО бастығы қол қойғаннан кейін оны хабарлама жіберген түзеу мекемесіне жібереді.

2) Босатылған сәттен бастап он күн мерзімде таңдаған тұрғылықты жеріне босатылған адам келіп жетпеген жағдайда учаскелік инспектор бұл туралы ПББ-ПБ-ның ҚҚБ-на хабарлама жібереді.

3) Таңдаған тұрғылықты жеріне келіп жетпеген босатылған адамның жүрген жері мен тіркелгені анықталған жағдайда оның тұрғылықты жері бойынша ҚАПО учаскелік инспектор ішкі істер органы бастығы қол қойған осы адамның ЖАА-АІК карточкасын жібереді, бұл туралы карточканы жіберген ПББ-ПБ

4) Қызмет көрсететін әкімшілік учаскеде босатылғаны туралы анықтамада көрсетілген тұрғылықты жерден басқа жерге тұрақты тұруға келген босатылған адамдар анықталған жағдайда оны профилактикалық есепке алады, оған ЖАА-АІК карточкасын толтырады, оны облыстық (қалалық) ПББ-ПБ ҚАО-ға жібереді, бұл туралы ПББ-ПБ ҚҚБ-ға хабарлайды.

Бұдан әрі бұрын өзі таңдаған тұрғылықты жері бойынша ҚАПО-нан осы адамға ЖАА-АІК карточкасы келіп түссе қажет болған жағдайда ПББ-ПБ ҚАО (ҚАБ) оған қойылған ЖАА-АІК карточкасына түзету парақшасын жібереді, ал келіп түскен ЖАА-АІК карточкасын жояды.

26. Көші-қон полициясының қызметкерлері бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарды ресімдеумен бірге оларды тұрғылықты жеріне тіркеу жүргізеді. Мұнда бас бостандығынан айыру орындарынан келген және тіркеуден өткен әр адамға белгіленген үлгідегі есепке алу карточкасын (Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 548 бұйрығымен бекітілген, 2000 жылғы 14 қарашада Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1284 тіркеуінен Ішкі істер органдарымен Қазақстан Республикасы тұрғындарын құжаттандыру және тіркеу Ережесін қолдану тәртібі туралы нұсқаулыққа 7-қосымша) толтырады және осы адамдарды есепке алуды жүргізеді, ал ҚАПО басшылығына оның тіркелгені туралы баянатпен баяндайды. ҚАПО бастығының тиісті нұсқауларын алған соң баянаттың бір данасын көрсетілген адам тіркелген аумаққа қызмет көрсететін учаскелік инспекторға, ал екіншісі - ҚАПО-ның криминалдық ақпарат бөлімі (бөлімшесіне, тобына) береді.

Тұрғылықты жеріне келіп жеткен босатылған адам жеке куәлігін немесе босатылғаны туралы анықтаманы жоғалтып алғаны туралы баяндаған жағдайда ҚАПО түзеу мекемелерінен босатылғаны туралы анықтаманың төлқұжатына және жеке куәлігі туралы мәліметтерге сұрау салады.

Сұрау салуға босатылған адамның екі фотосуреті қоса берілуі керек.

Егер босатылғаны туралы анықтамадан немесе оның төлқұжатынан бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адам босатылғаны туралы анықтамада көрсетілген жерден басқа жерге келгені көрініп тұрса, Көші-қон полициясы департаментіне оған бұрын Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі берілген-берілмегендігі туралы сұрау салу жіберіледі, ал босатылғаны туралы анықтамада көрсетілген жер бойынша ішкі істер органына осы адамның келгені туралы хабарлама жіберіледі.

27. Қабылдап-тарату орындары, әкімшілік қамауға алынған адамдарды ұстауға арналған арнайы қабылдау орындары кәмелетке толмағандарды уақытша оқшалау, бейімдеу және оңалту орталықтары, медициналық айықтырғыштар,

ішкі істер органдарының кезекші бөлімдері әр түрлі құқық бұзушылықтары үшін ұсталғандардың арасынан бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және босатылғаны туралы анықтамада көрсетілген тұрғылықты жерінен басқа жерге келген адамдарды анықтайды, ол туралы баратын жеріндегі ішкі істер органдарына ақпарат жібереді.

28. Криминалдық полиция қызметі бас бостандығынан айыру орындарынан келген адамдардың, қылмыстық топ мүшелерінің қылмыстық байланыстары мен ойларын анықтайды, олардың ойлап және дайындап жатқан қылмыстарының алдын алуға және жасаған жағдайда оларды ашуға шаралар қабылдайды.

29. Тергеу және анықтау органдары бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және таңдап алған тұрғылықты жерінде тіркеуден өтпеген адамдар жасаған қылмыстарды тергеу кезінде оларды қылмыс жасауға итермелеген себептер мен шарттарды анықтайды, көрсетілген адамдардың тұрғылықты жеріндегі ҚАПО бастықтарына олардың тұрғылықты жеріне келіп жетуін бақылауды және олармен профилактикалық жұмыс жүргізуді қамтамасыз етудегі анықталған кемшіліктер бойынша ұсынымхаттар енгізеді.

30. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тұрғылықты жеріне келіп жетуіне және таңдаған тұрғылықты жеріне келмеген адамдарды анықтауды бақылауды жүзеге асыру мақсатында ҚАПО-ның қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелері тоқсанына кемінде бір рет криминалдық ақпарат орталықтарымен (бөлімдерімен, бөлімшелерімен, топтарымен) және ПББ-ПБ көші-қон полициясы бөлімшелерімен бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға тізімдік салыстырма тексеріс жүргізеді.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тұрғылықты жеріне келмеу фактілерін анықтау кезінде олардың жүрген жерлерін анықтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

31. Қоғамдық қауіпсіздік департаменті Әділет министрлігінің ҚАЖ комитетімен бірге ай сайын бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және тұрғылықты жеріне келіп жеткен адамдардың санына салыстырма тексеріс жүргізеді, сондай-ақ ҚАПО-ға олардың тұрғылықты жеріне кеткені туралы хабарлама жібермеген түзеу мекемелері туралы мәліметтер ұсынады; осы адамдардың тұрғылықты жеріне келіп жетуіне бақылау жасауды қамтамасыз етудегі өзара іс-қимылдың тиімсіздігінің себептерін анықтайды және оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.